

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың жекелеген мәселелері <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 29 маусым N 882. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.20. N 565 қаулысымен.

Мемлекеттік меншікті тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Министрліктер мен агенттіктер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және мемлекеттік қатысудың үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асыру к е з і н д е :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен (бұдан әрі - Комитет) мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - қоғам) жалпы жиналыстарында қабылдау үшін ұсынылатын мына мәселелер:

акционерлік қоғамның үлгісін өзгерту;
қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру және тарату;
жарияланған жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;
таза кірісті қайта бөлудің тәртібі;

қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

қоғамның міндеттемелерін қоғамның меншік капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын сомаға арттыру туралы шешім қабылдау;

қоғамның жарғысына сәйкес ірі мәмілелерді бекіту жөніндегі күн тәртібінің мазмұны мен шешімдердің жобаларын алдын ала жазбаша келіссін;

қоғамның директорлар кеңесін сайлау, оның сандық құрамын айқындау және оның мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

алтын акцияны" енгізу және жою; <*>

1-1) заңдардың талаптарын ескере отырып акционерлік қоғамдардың бірінші басшыларын (басқармаларының төрағаларын) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін Комитетпен келісуді

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

2) Комитет өкілдерінің мемлекеттің жүз проценттік қатысуымен акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ мемлекет акцияларының бақылау пакеттеріне ие акционерлік қоғамдардағы директорлар кеңестерінің, тексеру комиссияларының құрамына кіруін қамтамасыз етсін.

3) Комитеттің өкілдерін осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілмеген акционерлік қоғамдар директорлар кеңестерінің, тексеру комиссияларының құрамына енгізу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

4) мемлекеттің үлестік қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысушылардың жалпы жиналыстарында қабылдау үшін ұсынылатын мына мәселелер :

жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атқарушы органын құру және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және мұндай берулердің ш а р т т а р ы н а й қ ы н д а у ;

байқау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және оның өкілеттігін мезгілінен бұрын тоқтату;

жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;

жауапкершілігі шектеулі серіктестікті бүкіл мүлкінің кепілі туралы шешім;

қатысушыдан үлестерді мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

таза кірісті бөлу жөніндегі күн тәртібінің мазмұны мен шешімдердің ж о б а л а р ы н ж а з б а ш а к е л і с с і н ;

4-1) қосымшаға сәйкес Комитетке ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.30. N 908

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.07.

N 177

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.28. N 1405 қаулысымен

2. Комитет жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі акциялардың мемлекеттік пакеттері мен қатысудың мемлекеттік үлестерін сенімді басқаруға беруді және сатуды салалық министрліктер (өзге де мемлекеттік органдар) өкілдерінің тікелей қатысуы кезінде жүзеге асырсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.07. N 177 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.28. N 1405 қаулысымен

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і н 2 0 0 0 ж ы л ғ ы

7 ақпандағы N 177
қаулысына қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
29 маусымдағы N 882
қаулысына қосымша

ЕСКЕРТУ. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.07. N 1 7 7

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.28. N 1405 қаулысымен.

**Министрліктер мен агенттіктердің Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
комитетіне ақпарат беруінің**

кестесі

N	Ақпарат	Беру мерзімдері
---	---------	-----------------

1. Акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеу.жыл сайын, жиналыс өткі. лі серіктестіктердің) акционерлері (қатысу. зілгеннен кейін 5 күннің шылары) жалпы жиналыстарының шешімдері <*> ішінде
2. Тексеру комиссияларының қорытындылары жыл сайын, тексеру өткі. зілгеннен кейін 5 күннің ішінде
3. Аудит жүргізудің нәтижелері жыл сайын, аудит жүргі. зілгеннен кейін 5 күн. нің ішінде
4. Акционерлік қоғамдардың (шаруашылық серіктес. өткізілуіне орай, жина. тіктерінің) акционерлері (қатысушылары) ке. лыс өткізілгеннен кейін зектен тыс жалпы жиналыстарының шешімдері 5 күннің ішінде
5. Директорлар кеңесі отырысының шешімі өткізілуіне орай, отыр. ыстан кейін 7 күннің ішінде
6. Соттың шешімі (айқындамасы) (олар болған жағ. соттың шешімін (айқында. дайда) масын) алғаннан кейін 3 күннің ішінде
7. Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне (мемле. тоқсан сайын, келесі ай. кеттің қатысу үлесіне) дивидендтерді (табыс. дың 5-күніне дейін ты) аудару туралы мәлімет

8. Акционерлік қоғамдардың (шаруашылық серіктес. шарттарға қол қойылған. тіктерінің) өздері жасайтын ірі мәмілелердің нан кейін 5 күннің барлық түрлері бойынша шарттардың көшірмелері ішінде
9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жарты жылдық, жыл аяқтал. 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 182 бұйрығымен бекі. ғаннан кейін 45 күннің тілген нысандар бойынша акционерлік қоғамдар. ішінде дың (шаруашылық серіктестіктерінің) қаржы-шаруашылық қызметі туралы жедел есептілік <*>
10. қоғамның қаржы-шаруашылық бекітілуіне қарай <*> қызметінің орта мерзімді және ағымдағы (жылдық) жоспарлары
11. акциялардың мемлекеттік пакетіне жоспарларының алдындағы дивидендтер мөлшерінің болжамды жылдың 1 мамырына дейін көрсеткіштері <*>

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі